

«Сіздің тәрбиелеу стиліңіз» - ата-аналарға арналған тест

1. Сіздің ойыңызша, адамның мінезі көбінесе немен айқындалады – тұқым қуалаушылықпен бе әлде тәрбиемен бе?

Б. Ең алдымен тәрбиемен.

А. Тума нышандар мен қоршаған орта жағдайларының үйлесімі.

В. Ең бастысы тума нышандармен.

Г. Ешқайсысымен емес, өмірлік тәжірибемен.

2. Балалар ата-аналарын тәрбиелейді деген ойға қалай қарайсыз?

Б. Бұл сөздердің ойыны, шындыққа аз қатысы бар софизм.

В. Мен бұнымен әбден келісемін.

А. Ата-аналардың балаларының тәрбиешісі ретіндегі дәстүрлі рөлдерін жоққа шығармау шартымен бұған келісуге дайынмын.

Г. Жауап беру қиын, бұл туралы ойламаппын.

3. Мына тәрбие туралы пайымдаулардың қайсысын сіз ең сәтті деп санайсыз?

Г. Егер балаңызға айтарыңыз жоқ болса, оған бар бетінді жу деңіз. (Эдгар Хоу).

В. Тәрбиенің мақсаты балаларды бізсіз болуға үйрету (Эрнст Легуве).

А. Балаларға ілім емес, үлгі қажет (Жозеф Жубер).

Б. Ұлыңызға тіл алуды үйретіңіз, сонда бәрін де үйрете аласыз (Томас Фуллер)

4. Сіздің ойыңызша, ата-аналар балаларды жыныстық мәселелер бойынша тәрбиелеуі керек пе?

Г. Маған мұны ешкім үйреткен жоқ, оларға да өмірдің өзі үйретеді.

В. Менің ойымша, ата-аналар балалардың осы мәселелерге деген қызығушылығын қол жетімді түрде қанағаттандыруы керек.

В. Балалар жеткілікті есейген кезде, бұл туралы да әңгіме бастау керек. Ал мектеп жасында ең бастысы – оларды өнегесіздік көріністерінен қорғау.

А. Әрине, мұны бірінші кезекте ата-аналар жасауы тиіс.

5. Ата-аналар баласына қалта шығындары үшін ақша беруі керек пе?

В. Егер сұраса, беруге болады.

Б. Жақсысы бір мақсаттар үшін белгілі бір соманы үнемі беріп тұру және шығындарды бақылап отыру.

А. Баланың өз шығындарын жоспарлауды үйренуі үшін белгілі бір мерзімге (бір аптаға, бір айға) біраз сома беріп тұру орынды.

Г. Мүмкіндік болған кезде, оған кейде белгілі бір мөлшердегі соманы беруге болады.

6. Егер сіз балаңызды сыныптасы ренжіткенін білсеңіз, қалай әрекет етесіз?

В. Қамығамын, баланы жұбатуға тырысамын.

Б. Ренжіткен баланың ата-анасымен жағдайды анықтауға барамын.

Г. Балалардың өздері қарым-қатынастарын шешіп алады, өйткені олардың өкпе-реніштері қысқа.

А. Балаға мұндай жағдайларда өзін қалай ұстау жақсырақ болатыны туралы кеңес беремін.

7. Баланың былапыт сөздеріне қалай қарайсыз?

А. Мен оны біздің отбасымызда және жалпы өнегелі адамдар арасында бұлай істемейді деп түсіндіруге тырысамын.

В. Былапыт сөздерді айтуды ұрығында жою керек! Мұндағы жаза қажет, ал баланы тәрбиесіз құрдастарымен қарым-қатынастан қорғау керек.

Г. Сол да сөз болып па? Бұл сөздерді бәріміз білеміз. Ақылға қонымды шегінен шықпаса, әзірге оған мән берудің қажеті жоқ.

В. Бала өз сезімдерін бізге ұнамайтын тәсілмен де білдіруге құқылы.

8. Жасөспірім қыз демалыс күндерін досының саяжайында өткізгісі келеді, онда ата-анасы жоқ кезде құрдастар компаниясы жиналады. Сіз оны жіберер ме едіңіз?

Б. Ешбір жағдайда. Мұндай жиындар жақсылыққа апармайды. Егер балалар демалып, көңіл көтергісі келсе, мұны үлкендердің бақылауында жасасын.

А. Мүмкін, егер мен оның жолдастарын лайықты және сенімді балалар ретінде білсем.

В. Оның шешім қабылдауға ақылы жетеді. Дегенмен, ол жоқта мен аздап уайымдаймын.

Г. Тыйым салудың себебі жоқ.

9. Егер балаңыздың өтірік айтқанын білсеңіз, қандай әрекетке барасыз?

Б. Мен оның өтірігін ашып, ұялтар едім.

Г. Егер себеп тым ауыр болмаса, мән бермеуге тырысамын.

В. Мен ренжимін.

А. Оны өтірік айтуға не итермелегенін анықтауға тырысамын.

10. Сіз балаңызға лайықты үлгі көрсетіп жатырсыз ба?

Б. Сөзсіз. Әрине.

А. Тырысудамын.

С. Үміттенемін.

Г. Білмеймін.

Сіз таңдаған А, Б, В немесе Г жауаптарының арасында қандай жауаптар басым болатынын санаңыз. Жауаптардың бір түрі неғұрлым көп болса, сіздің отбасыңызда белгілі бір тәрбие стилі соғұрлым айқын қалыптасқан.

А – бұл стильді «беделді» деп айқындауға болады. Сіз баланың жеке тұлғасын қалыптастырудағы маңызды рөліңізді түсінесіз, бірақ оның да өзін-өзі дамытуға құқығы бар екенін мойындайсыз. Қандай талаптарды күштеп қою керектігін де, қанадай талаптарды талқылау керек екенін де ақылмен түсінесіз. Ақылға қонымды шектерде өз ұстанымдарыңызды қайта қарауға дайынсыз.

В – авторитарлық стиль. Сіз балаңыздың өскенде қандай болуы керектігін жақсы білесіз және оған бар күшіңізді саласыз. Сіз өз талаптарыңызды бәлкім тым үзілді-кесілді қоятын шығарсыз және сіз ырыққа көнбейтін адамсыз. Балаңыздың кейде сіздің бақылауыңызда өзін жайсыз сезінетіні таңқаларлық жағдай емес.

В – либералды стиль. Сіз балаңызды жоғары қадірлейсіз, оның әлсіз жақтарын кешірімді деп санайсыз. Онымен оңай сөйлесесіз, оған сенесіз, тыйым салуға және шектеулерге бейім емессіз. Дегенмен, ойлануға тұрады: бала мұндай еркіндікті алып жүре алады ма?

Г-индифферентті стиль. Тәрбие мәселелері сіз үшін бірінші дәрежеде емес, өйткені сіздің басқа да көптеген қамдарыңыз бар. Бала өз мәселелерін көп жағдайда өзі шешуге мәжбүр. Бірақ ол сіздің қолдауыңызға және өзінің мәселелеріне сіздің көбірек араласатыныызға сенуге құқылы!

Егер сіздің жауаптарыңыздың арасында бір категория басым болмаса, онда бұл тәрбиеде нақты қағидаттардың болмауын және ата-аналардың мінез-құлқы бір сәттік көңіл-күйге байланысты болатынын көрсететін қарама-қайшы тәрбие стилі болуы мүмкін. Балаңыздың қандай болғанын қалайсыз және өзіңізді ата-ана ретінде қалай көресіз, соны түсінуге тырысыңыз.